

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 наурыздағы N 21 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 9 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6155 болып енгізілді

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті және өзара сақтандыру, салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 30 желтоқсандағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына қатысадының үлгі шартын бекіту туралы» 2003 жылғы 24 қыркүйектегі № 345 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2548 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына
қ а т ы с у д ы н ү л г і ш а р т ы н д а :

1-тармақта «мемлекеттік» деген сөздер алынып тасталсын;

2-тармақ «Қор» деген сөзден кейін «жыл сайын үәкілетті органның келісуімен»
деген сөздермен толықтырылсын;

4-1-тармақ «Қор» деген сөзден кейін «жыл сайын үәкілетті органның келісуімен»
деген сөздермен толықтырылсын;

9-тармақ «өзінің шартты міндеттемелерін Қор» деген сөздерден кейін «жыл сайын үәкілетті органның келісуімен» деген сөздермен толықтырылсын»;

31-тармақтың 3) тармақшасындағы «мемлекеттік» деген сөз алынып тасталсын;
3 9 - т а р м а қ т а :

«мемлекеттік» деген сөз алынып тасталсын;

«пікірін қосқанда» деген сөздер «айырылуын қоса алғанда» деген сөздермен
ауыстырылсын.

2 . < * >

Ескерту. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.04.30 № 62 Қаулысымен.

3 . < * >

Ескерту. З-тармақтың күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.13 № 31 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

қ а у л ы с ы м е н .

4. Осы қаулы оны бірінші ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

5. Сақтандыру нарығының субъектілерін және басқа қаржы ұйымдарын қадағалау департаменті (Д.Ш. Қарақұлова):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкке және «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірlestігіне жіберсін.

6. Агенттік Төрайымының қызметі (А.Ә. Кенже) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында осы қаулыны жариялау шараларын қолға алсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ә. Алдамбергенге жүктелсін.

Төрайым

E. Бахмутова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК